

Иә, осы тұста қоғамға ең алдымен көзқарасты өзгерту қажет. Қолжетімді орта сән үшін жасалатын дүние емес, ол адам құқығын құрметтеудің нақты көрінісі. Әрбір кәсіп иесі өз нысанына бақылау жүргізіп, «осы жерге кез келген адам еш кедергісіз кіре ала ма?» деген сұрақ қоюы тиіс.

№20 (8224)  
21 мамыр,  
2026 жыл

\* Қаперге!

## Бітіру кештері тәртіп аясында өтуі тиіс

**Оқу жылының аяқталуы әрбір білім алушы үшін ерекше кезең. Әсіресе мектеп бітіруші түлектер үшін бұл үлкен өмірге қадам басар жауапты сәт. Осыған байланысты ауданымыздағы білім беру ұйымдарында бітіру іс-шараларын ұйымдастыру тәртібіне қатысты бірлескен бұйрық пен қаулы қабылданып, нақты талаптар белгіленді.**

Құжат талаптарына сәйкес, мектеп бітіру кештерін мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, демалыс орындарында, табиғат аясында өткізуге жол берілмейді. Сондай-ақ автокортеж ұйымдастыруға, таңды қарсы алу форматындағы іс-шараларға, алау жағу рәсімдеріне және түрлі сауық-сайран сипатындағы жиындарға тыйым салынады. Бұл

шешім ең алдымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға, сондай-ақ ата-аналарға түсетін артық қаржылық салмақты болдырмауға бағытталған. Соңғы жылдары бітіру кештерін сән-салтанатпен өткізу белең алып, кей жағдайда орынсыз бәсекелестік пен ысырапшылдыққа жол беріліп жүргені жасырын емес. Сондықтан

білім беру саласында тәртіп пен жауапкершілікті күшейту – уақыт талабы. Сонымен қатар бітіру іс-шараларын өткізу мақсатында білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынады. Өртүрлі сыйлықтар алу, қомақты қаражат жинау, мұғалімдерге немесе мектеп әкімшілігіне бағалы заттар ұсыну сияқты әрекеттерге жол берілмейді. Бұл талаптар барлық білім беру ұйымдары үшін ортақ және міндетті болып табылады. Аттестаттар мен дипломдарды салтанатты түрде тапсыру рәсімдері де тек білім беру ұйымдарының қабырғасында

өткізіледі. Іс-шаралар тәрбиелік әрі мәдени-ағартушылық бағытта ұйымдастырылып, оқушылардың жетістіктерін насихаттауға, ұстазға құрмет пен адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге негізделуі тиіс.

Бүгінде қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осыған орай білім беру ұйымдарында оқушылармен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және педагогтар тарапынан қауіпсіздік талаптары, қоғамдық тәртіп, заң талаптарын сақтау мәселелері тұрақты түсіндірілуде. Жылыой

аудандық білім бөлімі ата-аналар қауымын ортақ жауапкершілікке шақырады. Бітіру кеші даракылық пен даңғазалықтың емес, парасат пен тәрбиенің көрінісі болуы тиіс. Түлектердің болашағына ақ жол тілейтін маңызды күн мазмұнды, қауіпсіз әрі тағылымды деңгейде ұйымдастырылғаны абзал.

Өскелең ұрпақтың қауіпсіздігі мен тәрбиесі – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан қабылданған талаптарды сақтау арқылы біз балаларымыздың жарқын болашағына бірге жол ашамыз.

**А.АБДОЛОВ,**  
аудандық білім бөлімінің басшысы

\* Әлеумет

## Кедергісіз келешек

**Қоғамның даму деңгейі зәулім ғимараттармен немесе заманауи технологиялармен ғана өлшенбейді. Нағыз өркениетті мемлекет – әрбір азаматына тең мүмкіндік жасап, ешкімді қоғамнан шет қалдырмайтын мемлекет. Бұл ретте қолжетімді орта қалыптастыру тек әлеуметтік саясаттың бір бағыты емес, бұл – әділетті қоғамның, бұдан бөлек жауапты бизнестің және адамға құрметпен қарайтын ортаның басты көрсеткіші.**

Өкінішке қарай, бүгінгі күні көптеген кәсіп иелері мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасауды екінші кезекке ысырып қояды. Кейбірі тіпті «бізге ондай адамдар келмейді» деген жаңсақ пікірмен өздерін ақтағысы келеді. Алайда мәселе адамдардың келмеуінде емес, олардың келе алмауында екенін көпшілік ескере бермейді. Оның үстіне «қолжетімді орта» ұғымын көбіне тек пандуспен ғана байланыстырып жатамыз. Алайда бұл мәселенің бір ғана бөлігі. Шынайы қолжетімділік – кешенді жүйе. Ол ғимаратқа кедергісіз кіруден бастап, ішкі кеңістіктің ыңғайлылығына дейінгі барлық элементтерді қамтиды. Кең есіктер, табалдырлардың болмауы, арнайы тұрақ орындары, тактильді бағыттаушылар, дыбыстық және визуалды ақпарат жүйелері, арнайы жабдықталған санитарлық тораптар – мұның барлығы да қолжетімді ортаның маңызды бөлшектері.

Бұл талаптар жай ғана ұсыныс емес. Қазақстан Республикасында қолжетімді орта құруға қатысты нормалар құрылыс ережелері мен заңнамаларда нақты көрсетілген. Жаңа нысан салу кезінде де, бұрыннан бар ғимараттарды жаңарту барысында да осы талаптарды сақтау міндеттелген. Халыққа қызмет көрсететін дүкендер, дәріханалар, сәулелік салондары, дәмханалар мен басқа да кәсіпкерлік нысандар бұл жауапкершіліктен тыс қала алмайды. Кей кәсіпкерлер қолжетімділікке жұмсалатын қаражатты артық шығын ретінде қабылдайды. Шын мәнінде, мұның болашаққа салынған инвестиция екенін түсінбейді. Қолжетімді

орта тұтынушылар қатарын көбейтпін қана қоймай, қызмет көрсету сапасын да қатар жақсартады. Сонымен қатар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін айқындап, қоғам алдындағы беделін арттырады. Заманауи тұтынушы тек сапалы қызметке емес, адамға деген құрметке де мән береді. Сондықтан қолжетімділік бәсекелестік артықшылықтың да бір көрінісі. Ең бастысы, қолжетімді орта тек мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ғана қажет емес. Ол егде жастағы адамдарға да, балалы ата-аналарға да, уақытша жарақат алған жандарға да қолайлы жағдай жасайды. Демек қолжетімділік – қоғамның барлық мүшесіне ортақ қажеттілік. Бұл бағыттағы жауапкершілік тек моральдық деңгеймен шектелмейді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасамау немесе қолжетімділік талаптарын сақтамау әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады. Мұндай жағдайда кәсіпкерлерге айыппұл салынып, талап қайта орындалмаған жағдайда жаза көлемі ұлғая түседі. Бұл қолжетімді ортаның мемлекет үшін маңызды мәселе екенін көрсетеді.

Иә, осы тұста қоғамға ең алдымен көзқарасты өзгерту қажет. Қолжетімді орта сән үшін жасалатын дүние емес, ол адам құқығын құрметтеудің нақты көрінісі. Әрбір кәсіп иесі өз нысанына бақылау жүргізіп, «осы жерге кез келген адам еш кедергісіз кіре ала ма?» деген сұрақ қоюы тиіс. Өйткені нағыз дамыған қоғам барша азаматқа тең мүмкіндік беретін қоғам. Сондықтан «қолжетімді орта» ұғымына бейжай қарамаған абзал.

## «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы

Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды.

Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады.

Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірме;
- 3) неке кншо туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) ата-аналардың біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың,

белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуы растайтын құжаттардың көшірмелері

Конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет.

Конкурсқа қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

2026 жылғы 15 мамырдан бастап 2026 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу.

Қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалалық) комиссиялар 15 маусым - 29 маусым аралығында өтінімдерді карап, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

Облыстық комиссия 1 шілде – 15 шілде аралығы қалалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.

\* Ұлттық валюта

## «FIFA WORLD CUP» монеталары

**Қазақстан Ұлттық Банкі «Спорт» сериясынан «FIFA WORLD CUP» 2026 коллекциялық күміс монеталары 2026 жылғы 5 мамырдан бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылатынын хабарлайды.**

Алтын жалатылған «FIFA WORLD CUP» 2026 монетасы 925 сынамалы күмістен дайындалған және түрлі түсті ба-спа технологиясын қолдану арқылы жасалған.

Монета массасы – 20 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңгелік.

Монеталардың таралымы Қазақстанның ішкі нарығы үшін – 1500 дана. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды. Толығырақ ақпаратпен баспасөз релизінен танысуға болады.

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімі**



## Техникалық оңалту құралдарын алу жолдары

**Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз ету – мемлекет тарапынан көрсетілетін маңызды әлеуметтік қолдау шараларының бірі. Бұл қызмет аясында мүгедектігі бар жандарға арбалар, протездік-ортопедиялық бұйымдар, есту аппараттары, тифлотехникалық және сурдотехникалық құралдар беріледі.**

Аталған мемлекеттік қызметті алу үшін азамат немесе оның заңды өкілі мемлекеттік корпорация немесе e-gov арқылы өтініш бере алады. Өтініш қаралып, мақұлданғаннан кейін қызмет алушының ұялы телефонына SMS-хабарлама жолданады. SMS-хабарламада портал арқылы жеткізушіні таңдау қажеттілігі көрсетіледі. Порталға кірген азамат өзіне қажетті техникалық құралды ұсынатын ұйымды дербес таңдай алады. Бұл жүйе қызмет алушыға сапалы әрі қолайлы қызмет көрсетушіні еркін таңдауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, SMS-хабарлама келгеннен кейін көрсетілген

сілтеме бойынша уақытылы таңдау жасау өте маңызды. Себебі жеткізуші таңдалмай, техникалық көмекші құралдарды алу рәсімі толық аяқталмайды. Егер көмекші құралдарды қажет етпейтін болса, онда бөлімге келіп жазбаша түрде ескертілуі қажет.

Бүгінде мемлекеттік қызметтердің цифрлық форматы көшуі мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қолдаудың ашықтығы мен қолжетімділігін арттырып, қызмет алу үдерісін едәуір жеңілдетіп отыр.

**Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

"CT Solutions" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 23.06.2026 жылы сағат 15:30-да Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкоген а. о., Майкоген а., Қарашүңгіл к-сі, 4-ғимарат, мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайы бойынша "Атырау облысының Жылыой ауданында "Retomaster CF5000" трикантерлік центрифугасын қолдана отырып, мұнай шламдарын және түбіндегі шөгінділерді қайта өңдеу жұмыс жобасына "Ықтимал әсерлер туралы есеп" бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°09'12"СШ, 53°26'14.5"ШБ.

ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtzHkM0QoFvFPg.1>

Конференция идентификаторы: 984 078 7984

Қатынас коды: 123456

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «CT Solutions» ЖШС, БСН 040440007912, Заңды мекен-жайы: индекс 050032, ҚР Алматы қ., Медеу ауданы, Алатау шағынауданы, Ибрагимов к-сі, 9 үй, «Инновациялық технологиялар паркi» арнайы экономикалық аймағы, Әкімшілік ғимарат, 3 қабат "В" блогы, №305 кенес. Тел.: +7 7242 400 038.

Жобаны құрастырушылардың реквизиттері мен байланыс деректері: "EcoSmart" ЖШС, Астана қ., Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 3 үй, 180 пәтер, пошта индексі 010000, БСН 240840011111, тел.: 87024190246.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: [gul\\_shat\\_k@mail.ru](mailto:gul_shat_k@mail.ru), 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекен-жайы: Жергілікті атқарушы орган – "Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, пошта мекен-жайы: 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, электрондық пошта: [atr.priroda@atyrau.gov.kz](mailto:atr.priroda@atyrau.gov.kz), Тел.: 8(7122)32-55-09.

Жобалық құжаттамамен Ұлттық деректер банкі сайтында ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> тануға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулардың басталуынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайтында ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) қабылданады.

### ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «CT Solutions» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 23.06.2026 года 15:30 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Майкогенский с.о., с.Майкоген, ул. Карашүңгіл, здание 4, здание дома культуры, проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по «Отчету о возможных воздействиях к рабочему проекту «Переработка нефтешлама и донных отложений с применением трикантерной центрифуги «Retomaster CF5000» в Жылыойском районе Атырауской области».

Географические координаты территории воздействия: 46°09'12"СШ, 53°26'14.5"ШБ.

Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtzHkM0QoFvFPg.1>

Идентификатор конференции: 984 078 7984

Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246.

Реквизиты и контактные данные Инициатора: ТОО «CT Solutions», БИН 040440007912? Юридический адрес: индекс 050032. РК, г. Алматы, Медеуский район, микрорайон Алатау, ул. Ибрагимов д.9, Специальная экономическая зона «Парк инновационных технологий», Административное здание, 3 этаж Блок «В», офис №305, тел. +7 7242 400 038.

Реквизиты и контактные данные составителей проекта: ТОО «EcoSmart», г. Астана, район Нұра, улица Санжар Асфендияров, дом 3, кв. 180, почтовый индекс 010000, БИН 240840011111, тел.: 87024190246.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: [gul\\_shat\\_k@mail.ru](mailto:gul_shat_k@mail.ru), 87024190246.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», почтовый адрес: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, электронный адрес: [atr.priroda@atyrau.gov.kz](mailto:atr.priroda@atyrau.gov.kz) Тел.: 8(7122)32-55-09.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)), а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz).)